


Мектепалды даярлық «Ә» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Аманшеева

Сынып жетекшісі: Жумабекова М.Б

Білім беру ұйымы: М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ

Балалардың жасы : 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 18-20 наурыз 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті,	Айналамдағы дыбыстар. Дыбыс Мақсаты: Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу	Дидактикалық ойын «Бұл не? Кімге керек?» Мақсаты: Балабақша қызметкерлері мен	«Әдемі үйшік» Мақсаты: Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады.	Нан туралы тақпақ Нан қиқымын шашпандар,	Үстел –үсті ойыны: «Менің балабақшам» Мақсаты: Түрлі-түсті ағаштар көмегімен

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)</b></p>	<p><b>«Кім шапшан»</b> Мақсаты : Балалар топтасып ойнай алады</p>	<p><b>«Тәрбиеші апайлар»</b> тақпағын мәнерлеп оқу.  Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады.</p>	<p>Тіл ұстарту жаттығулары  <b>«Теңін тап»</b>  Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады.</p>	<p><b>«Дүкенші»</b>  Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді.</p>	<p><b>«Не артық»</b>  Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады.</p>
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</b></p>	<p><b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>				
	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті</b> Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту  <b>Мақсаты</b> : Көркем шығармаларды сахналауға үйрету  Педагог күшік пен мысықтың үлгі суреттерін іліп қояды.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> Ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру  <b>Мақсаты</b> Көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктегі салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру. Тік</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Сәйкестендіре білуге, буынға бөлуге, дыбыстардың түрлерін есте сақтауға жаттығулар жасату арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру  <b>Мақсаты</b> сызба бойынша сөйлем</p>		

	<p>–Балалар, сендер ненің суретін көріп отырсыңдар?</p> <p>–Күшіктің анасын қалай атаймыз?</p> <p>–«Ит» деген сөз неше буыннан тұрады?</p> <p>–Балалар, дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды.</p> <p>–Ал мысықтың баласын «марғау» деп айтамыз?</p> <p>–Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы.</p> <p>–«Ақтөс» пен «мамық» сөздері неше буыннан тұрады?</p> <p>–Қазір «Күшік пен Мысық» ертегісін мәнерлеп оқып беремін.</p> <p>«Күшік пен Мысық»</p> <p>Қарны ашқан Күшік,</p>	<p>нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізу.</p> <p>«Мергендер», «Таяқтастау» (нысанаға дәл тигіз).</p> <p>3 метр кашықтықтан тік нысанаға дорбаларды ату. Бастапқы қалыпқа келу. Кішкентай дорбаларды қолды жоғары алға сермеп лақтырады.</p> <p>Нысананың дәл ортасына тигізуге тырысады. Алдымен оң қолмен, сосын сол қолмен орындайды.</p>	<p>құрау бойынша алған</p> <p>білімдерін бекіту.</p> <p><b>«Сөйлем құрай аламын»</b></p> <p>дидактикалық ойыны</p> <p>Көрнекілігі: «Балабақшада», «Мектеп», «Жазғы орманда», «Дүкенде»</p> <p>тақырыптарындағы мазмұнды суреттер. Педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем келе</p> <p>жатыр. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем балабақшаға</p>		
--	---	--	--	--	--


	<p>тауда қаңғып жүріп Қасқырға кездеседі.</p> <p>–Ей, күшік, мен сені жеймін, – дейді Қасқыр.</p> <p>–Қой, жеме, мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің, – дейді Күшік.</p> <p>–Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер, – дейді Қасқыр. Екеуі бір топ Сиырды көреді.</p> <p>–Күшік, менің көздерім, құлақтарым, құйрығым қандай? – дейді Қасқыр.</p> <p>Қасқыр:</p> <p>–Енді маған қара, – деп бір Бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, Күшікті де тойғызады,</p>		<p>келе жатыр. Келесі бала тағы бір-екі сөйлемді қосады. Әсем балабақшаға анасымен келе</p> <p>жатыр. Кім ең үлкен сөйлемді құрап айтса, жеңімпаз болады</p>		
--	--	--	--	--	--

	<p>өзі де тояды.</p> <p>–Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол! – деп кетіп қалады. Іші пысқан Күшік Мысыққа кездеседі.</p> <p>–Мысық, мен сені жеймін, – дейді.</p> <p>–Мені тойдыр, күшік.</p> <p>–Жарайды, менімен бірге жүр, – дейді Күшік. Екеуі бір топ Түйені көреді.</p> <p>–Мысық, маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай?</p> <p>–Көзің бозарып, құлағың салпиып, тілің салақтап тұр. Күшік:</p> <p>–Қара маған, не қыларымды? – деп Түйенің тірсегіне жабыса кетеді. Түйе қақ</p>				
--	--	--	--	--	--

	<p>маңайдан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі.</p> <p>Сонда Мысық: –Әй, мақтаншақ, әліңе қара, сен Қасқыр бола алмайсың, – дейді.</p>				
--	---	--	--	--	--

**Үзіліс:**

**Ойын– жаттығу: «Жәндіктердің қимылың жасайық»**




**Құрылымдалған ойын:**

**Тақырыбы:** «Жәндікте неше аяқ бар»

**Мақсаты:** Балалардың көру қабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.

**Шарты:** Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді. Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер. Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.

**Күтілетін нәтиже:** Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды. (4К. Сыни ойлау)




2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қоршаған орта</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту</p> <p><b>Мақсаты</b> өз Отанының, жерінің, сол жерде тұратын адамдар үшін қымбат екенін түсінеді</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Заттардың массасын өлшеу туралы ұғымды қалыптастыру</p> <p><b>Мақсаты</b> заттардың массасын өлшеу туралы ұғымды қалыптастыру.</p> <p>Заттардың айырмашылықтары пішіні және түсімен ғана шектелмейді,</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Міндеті</b> Салмағына қарай заттарды салыстыруға үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету;</p> <p><b>Мақсаты:</b> заттардың массасын өлшеу туралы ұғымды қалыптастыру.</p>		
--	--	---	--	--	--

	<p>Педагог С. Оспановтың өлеңін оқиды.</p> <p>Жап-жасыл ағашы,</p> <p>Қып-қызыл алмасы.</p> <p>Ақ басты тауы бар –</p> <p>Алматы қаласы.</p> <p>–Өлеңде қандай қала туралы айтылған?</p> <p>–Алматы қаласы туралы айтылған.</p> <p>Алматы қаласының символы не?</p> <p>– Алма.</p> <p>«Отан</p>	<p>олардың салмағы да әртүрлі. Кейбір заттар ауыр, кейбір заттар жеңіл болады.</p> <p>Педагог ізденіс мақсатын ұсынады.</p> <p>Заттың сыртқы түрі бойынша қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтауға бола ма? Салмақты қалай дәл анықтауға болады?</p> <p>Талқылау барысында таразыны пайдалану керек деген қорытынды жасалады.</p> <p>Салыстыруға арналған заттар:</p> <p>2 ағаш текше – ( біреуі кішкентай, екіншісі үлкен).</p> <p>Педагог таразының үлгісін көрсетіп, қалай өлшеу керектігін</p>	<p>Кішкентай текшесі бар табақшаға тағы бір кіші текше салу керек.</p> <p>Балалар, табақшаларды теңестіру үшін біздер не істедік?</p> <p>Кішкентай текше қостық. Кішкентай текшесі бар табақшаға тағы бір кіші текше салу керек.</p> <p>Балалар, табақшаларды теңестіру үшін біздер не істедік?</p> <p>Кішкентай текше қостық.</p> <p>Суретті қарауды сұрайды.</p> <p>Таразылар неге төмен түскен?</p>		
--	---	--	--	--	--



		<p>көрсетеді.</p> <p>Бір табақшаға үлкен текше, ал екіншісіне кішкентайын қояды.</p> <p>Үлкен текше салынған табақша төмен түскенің байқайды. Қандай қорытынды жасаймыз? Үлкен текше кішкентайға қарағанда ауырлау. Басқаша қалай айтуға болады?</p> <p>-Кішкентай текше үлкенге қарағанда жеңіл.</p> <p>Болжамдар ұсынып, заттарды қолға алып, қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтайды.</p> <p>Екі табақшаны теңестіру үшін не істейміз?</p> <p>Балалар сұхбатқа</p>	 <p>Балалар суреттерді қарайды, сұрақтарға жауап береді. Бір табақшада заттар көбірек, сондықтан табақша төмен түскен.</p> <p>Соңғы сурет жөнінде не айтуға болады?</p> <p>Соңғы суретте заттар екі-екіден, олар тең.</p> <p>Жоғарғы суреттегі заттарды теңестіру үшін не істеу керек?</p> <p>Балалар ойланады, талқылайды, заттар</p>		
--	--	--	---	--	--

		<p>қатысады.</p> <p>Балалар ойланады, талқылап, қорытындыға келеді.</p>	<p>қосу керек, немесе артығын алып тастау керек деп қорытынды жасайды.</p> <p>Жоғарғы суреттегі сол жақ табақшададан бір алманы алып тастау керек, немесе оң жақ табақшаға бір алма қосу керек.</p>		
--	--	---	---	--	--

**Үзіліс:**


--	--	--

Ойын- жаттығу:	<i>Сюжеті-рөлдік ойын</i>	<i>Сюжеті-рөлдік ойын</i>
----------------	---------------------------	---------------------------

«Мөлдір су»  
Сылдырлайды мөлдір су,  
Мөлдір суға қолыңды жу.  
Жуынсаңсаң сен әрдайым,  
Таза бетің, маңдайың.  
Ойын– жаттығу: «Жәндіктердің қимылың жасайық»

### 3.«Тасбақа»

Тасбақаға қарандаршы,  
Тас жейдесін киіп ап.  
Тауға мінді, суға жүзді,  
Балықтарды ұстады.  
Дәмді тағам ішіп алып,  
Қарнын ол тойдырды.  
Енді қайда барады,  
Жата қалып, демалды.  
(Саусақтарын жұдырыққа түйіп алып, тасбақаға еліктеу.  
Саусақтарды үстел үстінде жүргізу.  
Басбармақпен ортаңғы саусақтарды ұштастыру. Саусақтарды қайтадан жұдырыққа түйю).



Тақырыбы :«Теңізшілер.  
Балық аулаушылар Су асты  
қайығы»

Мақсаты : Оқушыларда ойында  
логикалық жүйелілікте бірнеше  
әрекеттерді қалыптастыру, ойын  
жағдайына кіру, ойынның сюжеті  
мен рөлі негізінде аяғына дейін  
ойнау. Балаларда жағымды қарым –  
қатынас дағдыларын қалыптастыру  
және топта мейрімді қатынасты  
қалыптастыру.

Жағдаят: Кеме құрылымы, теңіз  
асты қайығы. Жүзуге дайындық,  
маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік іс-  
әрекеттерді жасау,кемені жөндеу,  
сүңгуірдің жұмысы,  
Кемедегі жалаудын көтерілуі,  
портқа оралу.

Май шабақты табу.  
Май шабақты аулау, балық кетеді,  
кемедегі тесілген жер.  
Жаңа зәкір суға түседі, теңізде  
өрт.Көмек келеді  
Тәрбиешінің іс-әрекеті: Капитан  
рөлінде кемені жүргізеді,  
басқаларға команда береді,  
маршруттық қағаз береді, басқа  
кемелермен байланысқа шығады.

Тақырыбы : «Хайуанбақ »

Мақсаты:

Ойын сюжетіне байланысты бірнеше топшаларға бөлініп, ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу дағдысын қалыптастыру .  
Хайуанбақ жұмыскерлерлерінің еңбектерін ,негізгі мамандықтарды түсініп: хайуанбақ директоры , мал дәрігері ,жол сілтеуші ,асхана жұмыскерлері ,топжорықшы аңдарға қызмет етудің негізгі жұмысымен таныстыру . Жағдаят:

Хауанбаққа билет алу;

Хайуанбақ жоспарымен танысу,жол жүру көлігін таңдау ;

Хауанбаққа топ жорық, жануарларды тамақтандыруды қадағалау, жинастыру;Дем алыс аланы. Орман тұрғындары сырқатанып қалды . Дәрігер Айболитқа хат жолдау, дәрігер Айболтын жолындағы кедергілер ,

Аңлардың сауығуы.

Тәрбиешінің іс-әрекеті: Хайуанбақ директоры рөлінде аңдарға қорек керектігін,қамауды жөндеп,мал дәрігерін шақыруды ескереді, Балаларға дәрі-дәрмек жинап дәрігер Айболитқа хат жазуға көмектеседі

Балалардың іс-әректі: хайуанбақ бойынша топжорық жүргізіп хайуанатар жайында әңгімелейді . Күзетші қамауларды тексеріп,келушілерге аңдарға қорек беруге болмайтындығын ескереді ,хайуанбақты күзетеді

Жұмыскерлер жұмыс күнінің аяғында аңдармен мейірімді сөйлесіп,дәрумендер береді ,Кассир билеттер мен жол сілтемелерді сатып хайуанбақта жана аңдар пайда болғаның ескереді  
Дәрігер Айболит аңдар жаңбырдан кейін сырқатанып қалғанын естіп көмекке келеді,жолда кедергілер кездеседі жаңбырдан соң көл тасыпты ,айналып кліп көмек көрсетеді.Аңдар суығады .

Дүрбі арқылы балықтардың бір үйір топтарын көру,зәкір салады, балықшыларға пәрмен салады. Балалардың іс-әректі: Кеме құрайды, матростар діңгекте ілініп тұрады, қараңғы жерге қарайды; көпірде тұрады; шлюпкашы діңгектің дұрыс салынуын тексереді; Борсық матростарға команда береді, жұмысты қалай атқаратының бақылайды. Сүнгүірлер судың түбін қарайды, зәкір іздейді, краншылар кемені жүкпен толтырады. Механик көмірдің жанып кеткенін айтады. Дәрігер адамдарды емдейді және жүзу кезіндегі жарақаттандырғандарды. Балықшылар: торды бұрайды,теңізге лақтырады, балық аулайды, жәшікке сорттарымен орналастырады. Механик машина жұмыстарын тексереді. Адамдар билет сатып алады,кемеге отырады, транспорттық мекемедегі тыныштықты сақтайды. Адамдарға тамақты қалай дайындайды.



**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -Ою-өрнек элементтерін дұрыс орналастыра білуге үйрету, сурет салу іс-әрекеті арқылы бас киімдерді әшекейлеу</p> <p>-- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік</p> <p>-Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен</p>	<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті</b> - -Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру</p> <p><b>Мақсаты</b> заттың атын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.</p> <p>«Тазалық – денсаулық кепілі» мақалын балаларға түсіндіру.</p> <p>Біздің денсаулығымыз мықты болу үшін тазалықты сақтауымыз керек.</p> <p>Жаңа сөздермен таңыстыру.</p> <p>– Тазалық сақтауға сабын, жөке, сүлгі,</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту</p> <p><b>Мақсаты</b> Көркем шығармаларды сахналауға үйрету</p> <p>Педагог сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын сұрайды.</p> <p>–Балалар, ертегі сендерге ұнады ма?</p> <p>–Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші.</p> <p>–Күшік келе жатып неге жолығады?</p> <p>–Қасқыр не дейді?</p> <p>–Күшік не дейді?</p>		
--	--	--	--	--	--

	<p>тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру</p> <p>-- Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру</p>	<p>тарақ қолданамыз.</p> <p>– Мынау – сабын.</p> <p>– Мынау не?</p> <p>– Мынау – сабын.</p> <p>– Сабынмен қолымызды тазалап жуамыз.</p> <p>– Сабынмен не істейміз?</p> <p>– Сабынмен қолымызды тазалап жуамыз.</p> <p>– Мынау – жөке.</p> <p>– Мынау не?</p> <p>– Мынау – жөке.</p> <p>– Жөкемен дене мүшелерімізді жуамыз.</p> <p>– Жөкемен не істейміз?</p> <p>– Жөкемен дене мүшелерімізді жуамыз.</p>	<p>–Екеуі келе жатып нелерді көреді?</p> <p>–Қасқыр нені жейді?</p> <p>–Тойған Қасқыр Күшікке не дейді?</p> <p>–Іші пысқан Күшік неге жолығады?</p> <p>–Мысыққа не дейді?</p> <p>–Мысық не дейді?</p> <p>–Күшік жолда нелерді көреді?</p> <p>–Түйеге күшіктің шамасы келе ме?</p> <p>–Міне, балалар әлін білмеген әлек деген осыдан қалған екен.</p> <p>–Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық (атрибуттарын кигізу).</p>		
--	--	---	---	--	--

	<p><b>Мақсаты</b> сәукеленің суретін салу,мүсіндеу,жап сыру,құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>	<p>– Мынау – сүлгі Мынау не? – Мынау – сүлгі. – Сүлгімен денемізді сүртеміз. – Сүлгімен не істейміз? – Сүлгімен денемізді сүртеміз. – Мынау – тарақ. – Мынау не? – Мынау – тарақ. – Тарақпен шашымызды тараймыз. – Тарақпен не істейміз? – Тарақпен шашымызды тараймыз</p>			
<b>Үзіліс:</b>					

**Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:**

**Қысқыштармен ойналатын ойын**

**Ойын шарты:** Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.

**«Жаңғақтармен ойын»**

**Ойын шарты:** балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.



**Ойын:** «Тығылыспақ»

**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту

**Жасы:** 5-6 жас аралығы

**Қажетті заттар:**

**Ойын барысы:** барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір .....(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p><b>Міндеті</b> - Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар</p>		
--	---	---	---	--	--



<p>дыбыстық талдау дағдыларын дамыту</p> <p><b>Мақсаты</b> сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту.</p> <p>«Кәне, тауып көр» дидактикалық ойыны</p> <p>– Балалар мен сендерге сөз, буын, дыбыстарды айтамын, сендер алдарындағы сызбадан</p> <p>мен не айтсам соны дыбыс па, сөз ба, буын ба анықтап сызбасын көтересіңдер. Педагог алдын</p> <p>ала балаларға дыбыс, сөз, буын сызбаларының үлгілері сызылған</p>	<p><b>Мақсаты</b> Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қараторғай» (Ақан сері, өнд. Б. Ерзакович) Ән айту: «Көктем» (Д. Гусинцев) «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p> <p>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)</p> <p>Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев)</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау:</p>	<p>арасында дұрыс тыныс алып әндерді айту</p> <p><b>Мақсаты</b> Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу <b>Музыка тыңдау:</b> «Қараторғай» (Ақан сері, өнд. Б. Ерзакович) Ән айту: «Көктем» (Д. Гусинцев) «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p> <p>«Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт)</p>		
---	---	--	--	--

	<p>карточкалар таратып береді.</p> <p>Мысалы: [р], -ба-, аққала, ар-, ор-, қа-, [е], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жаңа, дә-,</p> <p>мы-, мон-, [г], [ш], сөз, көз, бала, жа-, үс-, ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша-, ет, елік, білезік,</p> <p>күнбағыс, ұр-, ын-, лек-, діз-, тик-, қыш-, дол, қол, бол, сал, мал, тау, қы-, тық-, ем-, ек-, іс-,</p> <p>-діз.</p>	«Латыш полькасы» (М. Раухвергер)	Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:		
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №6</p> <p><b>Серуен бақылу:</b> Қарды бақылау <i>Мақсаты:</i> — Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету — Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Бұл қай кезде болады»</i> <i>Ш. Ахметов</i> <i>Ақ қар еріп,</i> <i>Су көбейіп,</i> <i>Сай-салаға ағады.</i> <i>Бүршік шашып,</i> <i>Жапырақ ашап,</i> <i>Гүл, бәйішешек басады.</i> <i>Бөбектерім, айтыңдаршы,</i> <i>Бұл қай кезде болады?</i> <i>Балаларға сұрақтар</i> <i>*Қазір жылдың қай мезгілі?</i> <i>*Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?</i> <i>*Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма?</i> <i>*Неге бұл жердің қары еріп жатыр?</i> Халық болжамдары бар: қар ұшпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана</p>	<p><b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №7</p> <p><b>Серуен бақылу:</b> Шырша ағашын бақылау <i>Мақсаты:</i> — Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру;; — Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру; — Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев</i> <i>Қаниша заман өткенімен,</i> <i>Ескірмейтін асыл шырша.</i> <i>Алатаудың көктемімен,</i> <i>Доссың зой сен, жасыл шырша.</i> <i>Өзгермейсің қыс келсе де,</i> <i>Бояғыңды оңдырмайсың.</i> <i>Аяз ымышып, тітесе де,</i> <i>Жапырағыңды тоңдырмайсың.</i> <i>Балаларға сұрақтар:</i> <i>*Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде?</i> <i>*Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді?</i> <i>*Шырша ағашы туралы қандай жұмбақтар білесіңдер?</i> <i>Тәрбиеші әңгімесі: Шырша ағашы адамға өте ұнамды, қуаныш сыйлайтын ағаш. Шыршаны ойыншықтармен безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өкінішке орай, біздің осындай қиянаттарымыздан шырша орманы сиреп барады. Қазір шыршаны кесіп, бүлдірмес үшін, жасанды шыршалар</i></p>	<p><b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №8</p> <p><b>Серуен бақылу:</b> Су тамшыларын бақылау <i>Мақсаты:</i> — температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау; — зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру. <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай</i> Күн сәулесін төкті кеп, Қар да ери бастады. Шатырынан әр үйдің, Төмен қарап салбырап, Мүз сүңгілер аспалы, Пайда бола бастады. Тырс - тырс тамып тамшылар, Тынымсыз жерге тамады. Қардың суы еріген, Сай қуалай ағады. Балаларға сұрақтар ♦ Мүз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (<i>күн бетте</i>) ♦ Неге? (<i>күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады</i>) ♦ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (<i>қысқарады, аяз бен желден олар сынады</i>) ♦ Шуақты күні ше? (<i>өседі</i>)</p>	<p><b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №9</p> <p><b>Серуен бақылу:</b> Күнді бақылау <i>Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.</i> <i>Бақылау барысы</i> Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табактан, Әлемге нұр таратқан. (<i>күн</i>) <i>Алауға оранып,</i> <i>Көкке өрлеп шығады.</i> <i>Бір айналып оралып,</i> <i>Көкжиекке бұғады.</i> (<i>күн</i>) Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (<i>қоңыр түсті айнекпен</i>)</p>	<p><b>Наурыз</b> Серуен-Бақылау №9</p> <p><b>Серуен бақылу:</b> Күнді бақылау <i>Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.</i> <i>Бақылау барысы</i> Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табактан, Әлемге нұр таратқан. (<i>күн</i>) <i>Алауға оранып,</i> <i>Көкке өрлеп шығады.</i> <i>Бір айналып оралып,</i> <i>Көкжиекке бұғады.</i> (<i>күн</i>) Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады. *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол</p>

	<p>бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылтуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады. Зерттеу жұмыстары</p> <p>Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың терендігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік?</p> <p>Еңбек Жолдарды қоқыстан тазалау.</p> <p><i>Мақсаты:</i> бірлесе жұмыс істеуді үйрету.</p>	<p><i>шығарылды. Қаламызда шырша ағаштары отырғызылып, қала көшелеріне сән беруде. Шыршаны тек қана адамдар емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді. Қалың шырша орманында аюлар апанын, тиңдер індерін, құстар ұяларын салады.</i></p> <p>Зерттеу жұмысы: шырша ағашын маңайдағы басқа ағаштармен салыстыру, ерекшеліктерін атау.</p> <p>Еңбек: шырша ағашының айналасын тазалау.</p> <p><i>Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.</i></p>	<p>◆ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (<i>күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады</i>)</p> <p>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен.</p> <p>Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған.</p> <p>Еңбек</p> <p>Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.</p> <p><i>Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.</i></p>	<p>Еңбек</p> <p>Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..</p> <p><i>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.</i></p>	<p>тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (<i>қоңыр түсті айнекпен</i>)</p> <p>Еңбек</p> <p>Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..</p> <p><i>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.</i></p> <p>.</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>	<p><b>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</b></p>	<p><b>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</b></p>	<p>Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру</p>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b></p> <p>«Қоржынды сәндейміз»</p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b></p> <p>«Отбасының күзгі еңбегі»</p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b></p> <p>Инжудің құрастыруға деген</p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b></p> <p>Алияға қаламды дұрыс ұстауға үйрету.</p>	<p><b>Жеке баламен жұмыс:</b></p> <p>«Автобус»</p> <p><b>Мақсаты:</b></p>

	<p><b>Мақсаты:</b> Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Отбасымен бірге күзгі еңбекке баулу.</p> <p>Суреттер бойынша әңгімелеу. Сөздік қорларын дамыту.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p>Қарым- қатынас іс –әрекеті</p>	<p>қызығушылығын арттыру.</p> <p><b>Құрастыру</b></p> <p>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу</b></p> <p>Қарым- қатынас</p> <p>іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті</p>	<p>Автобус туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)</b></p>	<p>Қимылды ойын «Қояндар мен аңшылар».</p> <p>Мақсаты: қуушыдан қашып құтылуларын, тез жүкіре білулерін дамыту.</p>	<p>Қимылды ойын: Доппен ойын. Мақсаты :Қозғалыс координацияларын дамыту..</p> <p>Жаттығу ойыны Доппен жаттығу. Мақсаты: допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.</p> <p>Мақал-мәтел: -Ормаң ел дәулеті, жер сәулеті. -Аяламасаң ағаш та, аспандап өспес.</p>	<p><b>Қимылды ойын «Аяғыңды сулама»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>—Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту.</p>	<p><b>Қимылды ойын «Күн мен түн».</b></p> <p><b>Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.</b></p> <p><b>Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру.</b></p> <p><b>Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.</b></p> <p><b>Мақал-мәтел: Сәуір болса күн</b></p>	<p>Қимылды ойын «Күн мен түн».</p> <p>Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.</p>

	<p>Жаттығу ойыны Қозғалыстарын дамыту</p> <p>Мақсаты: лақтырған затты нысанаға түсіруге жаттығу.</p> <p>Халық болжамы: Жыл кұстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады.</p>		<p><b>Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту</b></p> <p><b>Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту.</b></p> <p><b>Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.</b></p>	<p><b>күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын- сауып тұрған сауын.</b></p>	<p>Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру.</p> <p>Мақсаты: секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.</p> <p>Мақал-мәтел:</p> <p>Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер.</p> <p>Сәуірдегі жауын- сауып тұрған сауын.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><i><b>Ата –аналарға кеңес</b></i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз- жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз</p>	<p><i><b>Ата –аналарға кеңес</b></i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз- жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын</p>	<p><i><b>Ата –аналарға кеңес</b></i></p> <p>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану,</p>	<p><i><b>Ата –аналарға кеңес</b></i></p> <p>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз- жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз</p>	<p><i><b>Ата –аналарға кеңес</b></i></p> <p>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан</p>

	<p>құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
--	--	---	---	--	---

